

Т.Рысқұлов атындағы орта мектеп

Математика пәні бойынша оқушыларды ҰБТ-ке дайындау тәсілдері

Математика пәнінің мұғалімі: Амирова Майра Айтбаевна

Мақсаты:

1. Оқушыларды жалпы білім беру стандарты бойынша міндетті талапты орындау деңгейіне жеткізу.
2. Оқушылардың білім тұрақтылығын қалыптастыру.
3. Оқушылардың өз бетімен білім алу дағдыларын дамыту.

Міндеті:

1. Жалпы орта білім беру сапасын, әр оқушының біліктілігі мен танымдық деңгейін анықтау.
2. Оқушылардың жақсы нәтижелерге жетуге деген ұмтылысын арттыру.
3. Өздігінен жұмыс істеу дағдыларына бағыттау.

11-сынып оқушыларын ҰБТ-ға дайындау кезінде қолданылатын тәсілдер

№	Шаралардың атауы	Мерзімі
1	Диагностикалық жұмыстарды жүргізу және талдау, 11-сынып оқушыларына болжау картасын әзірлеу	қыркүйек
2	Сынақ нәтижесі бойынша деңгейлік топтарға бөлу	қыркүйек
3	Әр топпен жеке жұмыс, жұппен жұмыс. Өзара көмек беру, нәтижені өздік тексеру	жыл бойы
4	Деңгейлік топтағы қозғалыстар	Қаңтар
5	Тақырыптарды топқа бөлу	жыл бойы
6	Тестпен жұмыс істеуде тиімді тәсілдерді қолдану. Қатемен жұмыс	жыл бойы
7	«Оқудағы қиыншылықтар себебі» сауалнамасын өткізу	Қараша
8	Сараптама , мониторинг	Ай сайын

ҰБТ-ға дайындық кезінде Оқушылармен жүргізілетін іс-әрекеттің түрлері

Болжау картасын әзірлеу

Пән бойынша жәке дайындық жоспары

ҰБТ пәндері бойынша мектептік курстың
нәзігі бөлімдерін жүйелі қайталау

Білімдері көмшіліктерді біртіндеп жою
мақсатындағы өзіндік жұмыс

Тестерді өңдеу технологиясын мәнгеру

Әрбір тестілеуден кейін өзіндік талдау жүргізу,
катәліктерді айқындау

Жәке-дара түзету дәптерін жүргізу
(тестілеу катәліктері және онымен жұмыс істеу)

Пән мұғалімінің жұмыс кезеңдері

**Диагностикалық
кезең**

*Оқушылардың негізгі
құзыреттіліктерін анықтау
және жеке тақырыптарда
түсінбеушіліктерді
айқындау*

*Бақылау жұмыстар,
әңгімелесу,
диагностикалық
тестілеу*

**Практикалық
кезең**

*Білімнің толығы мен
жаңаруына жағдайды
қамтамасыз ету*

*Сабақтар, жеке және топтық
нұсқау-кеңестер,
жеке өзіндік жұмыс,
қолданбалы және бағдарлы
курстарда жеке
тақырыптарды
мәселелі оқыту*

**Бақылау
кезең**

*Тақырыпты меңгеру
деңгейін бақылау*

*Тақырып бойынша
бақылау тестілеу*

Математикалық тест тапсырмаларымен жұмыс жасау жолдарына тоқталайық:


- 1.Әрбір тапсырманың берілген шартын нақты түсініп,не берілгенін ,нені табу керектігін айқындау.**
- 2.Уақытты үнемдеу үшін есептеудің қысқа жолдарын таңдай білу керек.**
- 3.Барлық тапсырмаларды қысқаша жазып есептеуге дағдылану.**
- 4.Белгілі уақыт аралығында барлық тапсырмаларды тез жылдам орындау**

Кейінгі жылдарда мектеп бағдарламасы бойынша математикадан ұсынылған тестілік тапсырмаларды талдау барысында төмендегі кемшіліктер байқалады.

1. Сапасы төмен тестілік тапсырмалардың кездесуі
2. Жекеленген тапсырмалар тым күрделі
3. Тестілік тапсырмалардың басым бөлігі тікелей тура сұрақ түрінде берілген
4. Қолданылып жүрген тест тапсырмаларды орындауға оқушылардың дайындығы бір қалыпты сипат алуда.
5. Есептің жауаптарының қайталануы
6. Тест тапсырмалардағы көптеген геометриялық есептерді шешу үшін оқушының ұзақ есептеулер орындауына тура келеді. Ал тестілік тапсырманы орындауға бөлінген уақыт шектеулі болғандықтан берілген уақыт шеңберінен шығып кетеді.
7. Әр жылдарда ұсынылып жүрген тестілерде мектеп математикасының негізгі бөлімдері қамтылған .
Геометриялық есептерді шешу үшін сызбалар, қосымша салулар қажет.
Көп жағдайда шешу бірнеше сатыдан тұрады .
Сондықтан оқушылар есеп шартын түсінбей –ақ белгілей салады.
8. Бағдарлы оқытылудың ескерілмеуі, яғни екі бағыттағы оқушыға есептің бірдей берілуі.

Математикадан тестіден жақсы нәтижеге жету үшін:

1. Өз пәнін жетік білетін, білім берудің жаңа технологияларын меңгерген, жеке тұлғаны қалыптастыру жолында еңбек ететін, білімді ұстаз керек
2. Психологиялық қызмет көрсету
3. Ата-аналармен тығыз байланыс орнату
4. Қосымша әдебиеттермен, журналдармен жұмыс істей білуге үйрету
5. Уақытты үнемдей білуге үйрету
6. ”Математиканы білу - өмір сүруге үйрену ” деген қағидану ұстануға үйрету
7. Апталық сағат сандарын көбейту
8. Оқушылардың математикаға қызығушылығын арттыру.



Назарларыңызға рахмет